

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

**Орта білім беру ұйымдарына арналған
ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы**

№1 20 23 жылғы "30" тамаз

Төрайым: Мухитова Наркыз Басаровна

Хатшы: Табиғатқызы Толқын

Қатысқандар: 9 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. Өткен жылғы жұмысына талдау және әдістемелік жұмысын арттыру, жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған міндеттер қою, жаңа оқу жылына арналған жоспарды бекіту.
2. Мектеп құжаттарын (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) жүргізу бойынша ақпарат. Электронды журналды толтыру бойынша нұсқаулық жүргізу
3. Күнтізбелік, күнделікті жоспар құру бойынша нұсқаулықтар. Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар мен элективті курстарын анықтау және оларға жоспар жасау.
4. Жас мамандар тәлімгерлермен жұмыс жоспарын талқылау, бекіту
5. БЖБ, ТЖБ жүргізу және талдау бойынша нұсқаулықты талдау және кестесін бекіту.
6. Білім беру платформаларымен жұмыс істеу нұсқаулығы
7. Оқушылардың білім олқылықтарын толықтыру жоспарларын жасау бойынша талқылау жүргізу, жоспар құру.

Отырыс барысы

Тыңдалды:

- 1- мәселе. Мухитова Н.Б. 2022-2023 оқу жылының жұмысының қорытындысына талдау жасады. Талдау барысында педагогикалық кадрлар бойынша жұмыс, жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмысы, оқу – тәрбие жұмысына, дарынды және оқуында олқылығы бар оқушылармен жұмыс бойынша қорытынды талданды. Келер жылы осы жылғы болған кемшіліктерді жою үшін жағдайлар жасау, оқушылардың білім сапасын арттыру басты мақсат болып отыр. Бірлестіктің хатшысының қызметіне Табиғатқызы Толқын сайлауды ұсынды.

Сөз сөйлегендер:

Канафина Г.Ж. тарих пәні мұғалімі: Бірлестіктің барлық мұғалімдері қойылған мақсаттарға жету үшін жоспарлы түрде жұмыс жүргізу керек. Жетістікке жету үшін жұмыла жұмыс істеу керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мектеп тақырыбы мен мақсаттарын қабылдай отырып, осы тақырыптар негізінде гуманитарлық-қоғамдық бірлестігінің жоспарын құру.
2. Әдістемелік бірлестіктің хатшысы міндетін Табиғатқызы Толқын атқарсын.

Тыңдалды.

2- Мәселе. Бірлестік басшысы Мухитова Н.Б.:Білім беру стандарты, оқу бағдарламалары, әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. Мектеп құжаттарын (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) жұмыс жасау жалғастырылады. Электронды журналды толтыру бойынша нұсқаулық жүргізді. Бекітілген сабақ кестесі журналға енгізіліп, сол бойынша КТЖ уақытылы енгізілуі тиіс. ҮТ уақытылы енгізіп, журналды кейінгі күнмен толтыруға тыйым салынады. Электронды журналға жаңадан келген және тіркелмеген оқушыларға және мұғалімдерге жаңа аккаунт беру, оларды тіркеу, пәндер бойынша 2023 – 2024 оқу жылына арналған күнтізбелік – тақырыптық жоспарды уақытылы енгізуге тікелей жауапкершілікпен қарау туралы айтылды.

Сөз сөйлегендер:

Кункенов С.С. қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі:№ 130 бұйрық, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) жұмыс жасаудың артықшылығын атап , құжаттарының барлығы осы бұйрық бойынша жасалғанын атап кетті.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

Мектеп құжаттарын (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) жұмыс жасау жалғастырылсын. Электронды журналды толтыру бойынша нұсқаулық бойынша жүргізілсін.

Тыңдалды.

3- Мәселе. Мухитова Н.Б. Күнтізбелік, күнделікті жоспар құру бойынша нұсқаулықтар. Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар мен элективті курстарын анықтау және оларға жоспар жасау барысында 2023-2024 оқу жылына арналған әдіс хатты қолдану бойынша ақпарат берді.

Сөз сөйлегендер:

Джаббарбергенова С.Д.: 2023-2024 оқу жылының тоқсандық демалыс күндері бойынша сұрақ қойды.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

Пән бойынша КТЖ, вариативтік компонент жоспарларды оқу бағдарламалары негізінде құру.

Тыңдалды.

4-мәселе. Мухитова Н.Б.:Жас мамандар тәлімгерлермен жұмыс жоспарының құрылымы және мазмұнымен таныстырды. ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24.04 №160 бұйрығы таныстырылды. Бұйрықта тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар көрсетілген. Тәлімгерлерді өздеріне жүтелген міндеттермен таныстырды. Мектеп директорының 25 тамыз 2022 жылғы №66 бұйрығымен таныстырды.

Сөз сөйлегендер:

Кункенов С.С.. – жас мамандардың біліктілігін арттыру үшін мектепшілік семинарлар ұйымдастыру. Жас мамандармен мастер класс өткізу. Сабақтарына үнемі қатысуды

жүргізу қажет. Және тәжірибесі мол ұстаздардың сабақтарына қатысуды ұйымдастыру қажет.

Қаулы етеді:

ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24.04 №160 бұйрығы және Мектеп директорының 25 тамыз 2022 жылғы №66 бұйрығы орындалсын. Тәлімгерлердің жұмыс жоспарлары бекітілсін.

Тыңдалды.

5-мәселе. Мухитова Н.Б.: БЖБ, ТЖБ, жүргізу және талдау бойынша нұсқаулықты негізге ала отырып тапсырмаларды құрастыру керек. Пәндер бойынша модерация жүргізу нұсқаулығын талдау бойынша «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен берілген бұйрығы орындалу керек. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары алдымен бірлестік отырысында талқылау, содан соң бекітуге ұсыну керек. Модерация пән бойынша ТЖБ жұмысына жасалады. Оқушылардың күмән келтіретін жұмыстары модерациядан өтеді, мұндай жағдайда міндетті түрде жоғары, орта және төмен балл алған оқушылардың жұмыстары сараланып, дескриптор арқылы тексеріліп, шешім шығарылады. Шешім негізінде балл қосылады, алынады немесе өзгеріссіз қалдырылады. БЖБ және ТЖБ өткізу бойынша кесте алдын ала құрылып бекітіледі. Бекітілген кесте бойынша бір күнде 3 БЖБ неже ТЖБ дан артық жоспарланбауы керек.

Сөз сөйлегендер:

Шамшитова Ш: БЖБ және ТЖБ жұмыстарын рәсімдеуде оқушылардың деңгейі ескеріледі. Тапсырмалар өткен тапсырмаларға ұқсас, және оқушының өз ойын жеткізе білуге бағытталған болады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. БЖБ, ТЖБ нұсқаулыққа сәйкес өткізу.
2. Қажет болған жағдайда модерацияны әр тоқсан сайын модерациялық топ мүшелері өткізу керек.

Тыңдалды.

6-мәселе. Мухитова Н.Б.: Білім беру платформаларымен жұмыс істеу нұсқаулығы. Бүгінгі отырысқа информатика пәні мұғалімі шақырылды. Себебі мектеп жөндеу жұмыстарына байланысты пән мұғалімдерінің жеке кабинеті мен парольдері, платформаны қолдану және онлайн конференция өткізу, платформа ішіндегі тақырыптарды бекітуді үйретіп, көрсетеді.

Е.Аскар мұғалімдерге оқу барысында қолданылатын білім платформаларымен таныстырды. Республикада барлық білім беру платформалары рұқсат етілген, Біздің аудан бойынша bilimapp.kz платформасымен жұмыс істеуге шарт жасалған. Барлық оқушылар мен мұғалімдер аталған платформаға тіркелуі тиіс. Ары қарай Е.Аскар bilimapp.kz білім беру платформасымен жұмыс істеу нұсқаулығымен толық таныстырды, сабақ құрау және видеоконференция жүргізуді үйретті.

Сөз сөйлегендер:

Канафина Г.Ж.: Смаилова С.К. - Мұғалімдерге bilimapp.kz платформасындағы жұмыс барысын мониторинг жүргізіледі.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

Білім беру платформаларына тіркеліп, жұмыс істеу бойынша нұсқаулықпен толық танысу, оқушыларды таныстыру жұмыстарын жүргізу.

Тыңдалды.

6-мәселе. Мухитова Н.Б.: Оқушылардың білім олқылықтарын толықтыру жоспарларын жасау бойынша талқылау жүргізу, жоспар құру.

Оқушының біліміндегі олқылықтардың алдын алу және жою мұғалім жұмысындағы маңызды құрамдас бөліктердің бірі болып табылады және бұл жұмыстың қанағаттанарлықсыз сапасы оқушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою оқушы үшін іс жүзінде мүмкін болмайтын деңгейге дейін жиналуына әкеледі және ол тұрақты сәтсіздікке ұшырайды.

Сонымен қатар, оқушы бұрын өткен тақырыптар бойынша білім мен дағдыларға негізделген жаңа материалды игеру мүмкін емес. Сондықтан мұғалімдер оқуға нақты жәрдем беру жолдарының басқа әдістерін қарастырған жөн.

Сөз сөйлегендер:

Күнкенов С.С.: Бірінші оқушының сабаққа үлгере алмай жүрген себебін анықтау, одан кейін оқушының себебін ескере отырып меңгере алмаған тақырыптарды қажетті деңгейде жоспар құру.

Джаббарбергенова С.Ж.: Баланың кабілетін, зейінін, қызығушылығын арттыру мақсатында ойын элементтерін пайдалану, оқушының оған белсенділігін арттыру. Сабақты дидактикалық материалдарды техникалық құралдарды мейлінше молынан пайдаланып жүргізу, жеке жұмыста да көрнекіліктер пайдалану.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім


Оқушылардың білім олқылықтарын толықтыру жоспарлары құрылып, бекітілсін.

ӘК төрайымы:



Мухитова Н.Б.

Хатшы:



Табиғатқызы Толқын

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

**Орта білім беру ұйымдарына арналған
ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы**

№2 20 23 жылғы " 23 " тауан

Төрайым: Мухитова Наркыз Басаровна

Хатшы: Табиғатқызы Толқын

Қатысқандар: 9 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. «Сабақ барысында оқыту платформаларды қолданудың артықшылығымен кемшіліктері» баяндама, іс – тәжірибемен бөлісу- Шамшитова Ш.А.
2. Қазақ\орыс\ағылшын тілдері пәні бойынша оқушылардың дәптер жүргізуін бақылау қорытындысы
3. ТЖБ модерациясының жүргізілуін бақылау
4. Қолдауды қажет ететін оқушыларды анықтау
5. Оқушыларды ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығушылығын ояту бойынша ұсыныстар\талқылау

Отырыс барысы

Тыңдалды:

1-мәселе. «Сабақ барысында оқыту платформаларды қолданудың артықшылығымен кемшіліктері» баяндама, іс – тәжірибемен бөлісу- Шамшитова Ш.А.

Сөз сөйлегендер:

Канафина Г.Ж. тарих пәні мұғалімі: жаңа АКТплатформалары,оқу платформалары сабақты тиімді әрі қызықты өткізуге үлкен рөл атқарады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

Оқыту процесінде оқу платформалары тиімді қолданылсын.

Тыңдалды.

2-Мәселе. Мухитова Н.Б. қазақ\орыс\ағылшын тілдері пәні бойынша оқушылардың дәптер жүргізуін бақылау қорытындысын баяндады. Үй тапсырмасын орындау, тексеру, талаптарға сай берілу бойынша қорытындысына тоқталды. Үй тапсырмасының берілуін электронды журналдан бақыланды. Үй тапсырмаларының уақытылы берілуі, оларды орындауға берілетін сағаты нақты көрсетілуі керек. Бірақ кейбір мұғалімдер тапсырманы орындау уақытын белгілемейді. Және де 5-9 сынып оқушыларының үй тапсырмасын орындауын бақылау мақсатында пәндік дәптерлер бақыланды.. 5,6 сыныптарындағы барлық оқушылар үй тапсырмаларын уақытылы орындайтыны және мұғалімнің үй тапсырмаларды уақытылы тексеретіні анықталды. 7 сыныптарды тексеру барысында үй тапсырманы кейбір оқушылар ғана орындайтыны анықталды. Көп оқушылар үй тапсырмаларын орындамайды. 8,9 сынып оқушыларының үй тапсырмаларының орындалуы берілген тапсырмаға байланысты болды.

Сөз сөйлегендер:

Кункенов С.С. қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі: қазақ тілдері пәні бойынша оқушылардың дәптер жүргізуін бақылау кезінде оқушылардың дәптерлерінің қапталмағаны және тазалығы туралы пікірін білдірді.

Джаббарбергенова С.Ж. ағылшын тілі пәні мұғалімі: оқушылардың ағылшын тілі пәнінен 3 арнайы дәптерін арнау керектігін айтып, үй жұмысына 1 дәптер сынып жұмысына 2 дәптер арнау керектігін ұсынды.

Хужин А.Н. орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі: мектеп бойынша гуманитарлық пәндер бойынша оқушылардың дәптерін қаптау және оларды белгілі бір талаптар бойынша толтыру туралы ұсынды.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

Әр пәндер бойынша арнайы дәптерлер арнап, оны қапта, талап бойынша толтырылсын. қазақ\орыс\ағылшын тілдері пәні бойынша оқушылардың дәптер жүргізуін бақылау әр тоқсан сайын жүргізілсін.

Тыңдалды.

1. 3-Мәселе. Мухитова Н.Б.: ТЖБ модерациясының жүргізілуін бақылау туралы атап өтті. ҚБ тапсырмаларын құрастыру бойынша оқыту семинарын ұйымдастыру. (ТЖБ) жұмыстары бекітілген ккестеге сәйкес өткізу.

Сөз сөйлегендер:

Хужин А.Н. : (ТЖБ) жұмыстары бекітілген ккестеге сәйкес жүргізілгенін атап өтті. Барлық пәндер бойынша ТЖБ пәндер спецификациясы негізінде жүргізіледі.

Кабдышева А.К.: ТЖБ қорытындысы бойынша барлық пәндер модерация өткізді. Модерация барысында барлық жұмыстар дескриптор негізінде тексеріліп, қойылған баллдар сәйкестігі бақыланды.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Жоспар бойынша 2 тоқсандық ТЖБ өткізу.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығы 22 тармағы негізінде модерация тек даулы мәселелер туындаған жағдайда ғана өткізіледі.

Тыңдалды.

4-Мәселе. Мухитова Н.Б.: Оқушыларды ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығушылығын ояту бойынша ұсыныстар\талқылау. Тұлғаға дұрыс бағыт беру, даму, қалыптасу аймағына енгізу, өз белсенділіктерін туғызу, өзін-өзі тәрбиелеу іс-әрекеттерін ықпал ету-ұстаздар алдындағы жауапты міндет. Осы үрдістегі мұғалімнің ролін төмендегіше саралауға болады:
- диагностикалық жұмыстар арқылы психологпен бірлесе отырып, ғылымға икемді, дарынды балаларды анықтау;
- тәрбие жұмыстары арқылы оқушылардың ғылымға деген жағымды көзқарасын қалыптастыруға түрткі жасау;
- танымдық белсенділіктерін дамыту үрдісінен іздену. Оқушылардың танымдық

белсенділіктерін қалыптастыру – оларды ғылыми-ізденіс аймағына енгізудің басты жолы.

Оқушылардың ғылыми қоғамы мұғалімдермен бірлесе отырып, балалардың ынтасы, қабілеттерін ескеріп, өз қалауларына жол ашып, іздену, зерттеу тақырыптарын алуды ұйымдастыру, ғалымдармен тікелей байланыса отырып, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуі керек.

Сөз сөйлегендер:

Джаббарбергенова С.Д. : «Мен-зерттеушімін» тақырыбында оқушылармен «дөңгелек стол», әңгімелер өткізуге болады. Алғашқы әңгімелерде «ғылыми жұмыстардың түрлері» сөз болады. Бұл жұмыстың тиімділігі оқушылардың ғылым туралы ұғымдарын кеңейтуге ықпал етіп, іздену, зерттеу жұмыстарының түрлерімен таныстырады.


Шамшитова Ш.А.: Мектеп оқушыларының ғылыми қоғамының негізгі міндеті сыныптан тыс және үйірмелік жұмыс жүйесін оқу-тәрбие процестерімен байланыстыра отырып ғылыми деңгейге көтеру. Оқушылардың ғылыми қоғамын құру үшін мектепте белгілі бір дәрежеде дайындық жұмысы өтуі керек:

- Пәндік үйірмелер байқауы
- Ғылыми білгірлердің, эрудиттердің ойын байқауы
- Пәндік олимпиадалар мен техникалық, шығармашылық көрмелер сайысы
- Бейнелеу өнерінің көрмесі.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

Оқушыларды ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығушылығын ояту және олармен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу, сайыстармен конкурстарға қатысу.

ӨК төрайымы:  Мухитова Н.Б.

Хатшы:  Табиғатқызы Толқын

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

**Орта білім беру ұйымдарына арналған
ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы**

№3 20 23 жылғы "26" сәуірсан

Төрайым: Мухитова Наркыз Басаровна

Хатшы: Табиғатқызы Толқын


Қатысқандар: 9 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. Бірінші жартыжылдық жұмысының қорытындысы, екінші жартыжылдық міндеттерін белгілеу.
 2. Тарих пәні бойынша оқушылардың дәптер жүргізуін бақылау қорытындысы.
 3. ТЖБ модерациясының жүргізілуін бақылау нәтижесі
 4. Оқудағы олқылықтарды жою жоспарының жүргізілуі бойынша нәтижесі
- Отырыс барысы**

Тыңдалды:

1-мәселе. Мухитова Н.Б.: Бірінші жартыжылдық жұмысының қорытындысы бойынша есеп берді. Екінші жартыжылдыққа міндеттер қойылды.



Сөз сөйлегендер:

Хауай Р: 1 жартыжылдыққа тарих пәндері бойынша барлық жоспарлар орныдалды және жалғасын табады.

Күнкенов С.С.: Екінші жартыжылдыққа қазақ тілі және әдебиет пәні бойынша жаңа жетістіктерге жетеміз деп сенемін.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

Екінші жартыжылдыққа бекітілген жоспарлармен мен міндеттер уақытылы орындалсын.

Тындалды.

2-Мәселе. Тарих пәні бойынша оқушылардың дәптер жүргізуін бақылау қорытындысы бойынша Мухитова Н.Б. қорытындысын жасады.

Сөз сөйлегендер:

Канафина Г.Ж. тарих пәні мұғалімі: тарих пәні бойынша оқушылардың дәптер жүргізуін бақылау кезінде оқушылардың дәптерлерінің қапталмағаны және тазалығы туралы пікірін білдірді.

Кабдышева А.К. тарих пәні мұғалімі: тақырып бойынша берілген тапсырмаларды кейбір оқушылар орындамайды.

Хауай Рысгул тарих пәні мұғалімі: тарих пәндері бойынша оқушылардың дәптерін қаптау және оларды белгілібір талаптар бойынша толтыру туралы ұсынды.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

Тарих пәні бойынша арнайы дәптерлер арнап, оны қапта, талап бойынша толтырылсын. Тарих пәні бойынша оқушылардың дәптер жүргізуін бақылау әр тоқсан сайын жүргізілсін.

Тындалды.

3-Мәселе. Мухитова Н.Б.:ТЖБ модерациясының жүргізілуін бақылау туралы атап өтті. ұйымдастыру. (ТЖБ) жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес өткізу. БЖБ, ТЖБ, жүргізу және талдау бойынша нұсқаулықты талдау. Пәндер бойынша модерация жүргізу нұсқаулығын талдау бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18.03 №125 бұйрығына енгізілген толықтырулар туралы 2020 жылғы 17.04 №149 бұйрығы таныстырылды. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары алдымен бірлестік отырысында талқылану керектігі ескертілді, содан соң бекітуге ұсыну керек. Модерация пән бойынша ТЖБ жұмысына жасалады. Міндетті түрде жоғары, орта және төмен балл алған оқушылардың жұмыстары сараланып, дескриптор арқылы тексеріліп, шешім шығарылады. Шешім негізінде балл қосылады, алынады немесе өзгеріссіз қалдырылады.

Сөз сөйлегендер:

Хауай Р : (ТЖБ) жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізілгенін атап өтті. Барлық пәндер бойынша ТЖБ пәндер спецификациясы негізінде жүргізіледі.

Шамшитова Ш.А.:ТЖБ қорытындысы бойынша барлық пәндер модерация өткізді. Модерация барысында барлық жұмыстар дескриптор негізінде тексеріліп, қойылған баллдар сәйкестігі бақыланды.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

Жоспар бойынша тоқсандық ТЖБ өткізілсін.

Тындалды.

4-Мәселе. Мухитова Н.Б.:Оқудағы олқылықтарды жою жоспарының жүргізу. Оқушының біліміндегі олқылықтардың алдын алу және жою мұғалім жұмысындағы

маңызды құрамдас бөліктердің бірі болып табылады және бұл жұмыстың қанағаттанарлықсыз сапасы оқушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою оқушы үшін іс жүзінде мүмкін болмайтын деңгейге дейін жиналуына әкеледі және ол тұрақты сәтсіздікке ұшырайды. Сонымен қатар, оқушы бұрын өткен тақырыптар бойынша білім мен дағдыларға негізделген жаңа материалды игеру мүмкін емес. Мысалы, оқушы сабақта болған жоқ. Осының өзі педагогикалық проблема, ол мұғалімге ой салсын. Сенің жәрдемің қажет, оны тез арада өзінің немесе оқушылармен ұйымдастыр, сабаққа қатыспау себебін зерттеп біл. Қайтіп көмектесуді ойлан. Жаңа оқу жылының алғашқы күндеріндегі сынып жиналыстарында, әсіресе бірінші сыныптарда олардың ата-аналарын, мектеп ережесімен таныстырып онда оқушы сабаққа қатыспаса, өтілген материалды өзінше оқып үйренуге міндетті екені жазылғанын түсіндіру керек. Оқушылардың білімін тексеруге міндетті. Оқушы сабаққа келмесе, ол сол күнгі өтілген тақырып бойынша, арнайы сынақ тапсыруы керек. Бұл қашанда мұғалім мен оқушыға заң. Дегенмен дәл осылайша бұл проблеманы толық шешуге мүмкіндік жоқ. Сондықтан мұғалімдер оқуға нақты жәрдем беру жолдарының басқа әдістерін қарастырған жөн. Әдетте орталықтанған жүйені қолдану пайдалы. Мектепте бас кезекшінің, оның әрбір сыныптағы жәрдемшілерінің, оқу төрайымының атқарар ісі қыруар. Бұлар күн сайын сабаққа қатыспағандардың, қанағаттанғысыз баға алғандардың тізімін алып сынып жетекшіге береді. Міне осындай жанды әрекеттен соң мектеп басшылары апта сайынғы жоспарларына, ең қажеттілерін қосып іс-шаралар белгілейді. Оқушылармен әңгімеселесу белсенділермен пікірлесу әр түрлі формада өткізілгені жөн. Әрбір мұғалім өз педагогикалық қызметіне үлгерімі төмен көптеген оқушыларды кездестіреді. Оқушылардың үлгермеуінің себептерін білу мұғалімге сабаққа дайындық кезінде олардың кейбірін жоюға көмектеседі. Оқушылардың артта қалуын болдырмау олардың біліміндегі проблемалармен күресуден гөрі оңай.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу жолдары жаңа оқу жылы басталмай тұрып жұмыс жоспары мен оны жүргізудің әдіс-тәсілдері бірлестік отырысында талқыланып белгіленіп алады үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу үшін алдымен олар арнайы зерттеледі. Оқушыны зерттеуде мына мәселелерге аса назар аударылады: Ұжыммен, ортамен қарым-қатынасы оқу- тәрбие процесіне ықпалы. Қоғамдық және үй жұмыстарына араласуы.

Сөз сөйлегендер:


Джаббарбергенова С.Д. : Үйде күн режимінің жоспарлануы және оның орындалу барысы. Денсаулығы туралы медициналық анықтамалар. Дара ерекшеліктері. Ойлау қабілетінің деңгейі. Зейіні мен есте сақтауы. Ерік жігері. Табандылығы. Қызығушылығы. Жеке пәндер бойынша үлгерімінің көрсеткіштері. Үлгермеу себептері. Осы мәселелер анықталғаннан кейін баланың жеке пәндер бойынша білімі мен дағдыларын есепке ала отырып, ондағы негізгі олқылықтар анықтау керек.


Шамшитова Ш.А.: Оқушылардың үйдегі оқу жұмысы, олардың сабағындағы жұмысымен тығыз байланысты. Мұның табысты болуы сабақтың қалай өткенін мұғалімнің үйге тапсырманы қалай бергеніне байланысты. Сондықтан сабақтың сапасы жоғары болса оқушылардың үй жұмысы соғұрлым табысты болады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

Оқудағы олқылықтарды жою жоспарының үздіксіз жүргізілсін.

ӘК төрайымы:  Мухитова Н.Б.

Хатшы:  Табиғатқызы Толқын

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

**Орта білім беру ұйымдарына арналған
ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы**

№4 20 24 жылғы "11" наурыз

Төрайым: Мухитова Наркыз Басаровна

Хатшы: Табиғатқызы Толқын

Қатысқандар: 9 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. «ҚБ жүзеге асырудағы қиындықтар» баяндама Кункенов С.С.
 2. БЖБ, ТЖТ тапсырмаларының құрылымы және уақыт регламентін сақтау талдау\талқылау
 3. Қазақ\орыс\ағылшын тілдері пәні бойынша білім сапасы төмен оқушылардың бақылау нәтижесі
 4. 9,10 сыныптың сабақтарында үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу барысы
- 1-мәселе. 1. «ҚБ жүзеге асырудағы қиындықтар» баяндама, іс – тәжірибемен бөлісу қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Кункенов С.С.

Қалыптастырушы бағалау қолдану арқылы мұғалім мен білім алушы арасындағы кері байланыс жүзеге асады. Осының нәтижесінде білім алушы өзін бақылап, өзінің әрекет-тәсілдерін тандайды, нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Осылайша бала мақсат қоя білу, күтілетін нәтижені жоспарлау, оны бағалау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің түйінді құзіреттіліктерін қалыптастырады. Кері байланыстың қай түрі болмасын, нені жақсы орындағанын белгілеп отыруы, қателіктер болған жағдайда мұғалім оқушының жұмысын жақсартуға байланысты нақты ұсыныстар беруі керек. Әр баланың біліміндегі кемшіліктерінен гөрі, олардың жетістіктерін атап көрсету, нұсқауды мәлімдеу арқылы балаға нені оқу керектігімен қалай оқу керектігін көрсетуі, нұсқаудың үздіксіз және жүйелі жасалуы, баланың әлеуметтік, әсершіл, танымдық даму процестеріне бағытталып, жан-жақты болып ескерілуі маңызды. Осы әрекеттер арқылы оқушылардың тиімді білім алуына және табысқа жетуіне қолайлы жағдай туғызады. Дегенмен де кей тақырыптарды бағалау барысында сыныптастарының асырабағалау немесе оқушы өзін-өзі\/- бағалауы байқалады. Былайша айтқанда бағалауда әділеттілік танытпайды. Сондай жағдайларда мұғалім өзінің әдіс-тәсілдерімен шеберлігімен жағдайды өзгерте алады.

Сөз сөйлегендер:

Канафина Г.Ж. тарих пәні мұғалімі: Оқушының өзін өзі бағалауға үйренетін уақыттары болды, тек оқушылардың жастарына сай ҚБ түрін дұрыс таңдаған жөн.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

Сабақты жоспарлауға аса назар аудару және ҚБ талаптарға сай өткізілсін.

Тындалды:

Тындалды.

2-Мәселе. БЖБ, ТЖТ тапсырмаларының құрылымы және уақыт регламентін сақтау талдау\талқылау»сұрақ бойынша Мухитова Н.Б. Пәндер бойынша модерация жүргізу нұсқаулығын талдау бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18.03 №125 бұйрығына енгізілген толықтырулар туралы 2020 жылғы 17.04 №149 бұйрығы таныстырылды. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары алдымен бірлестік отырысында талқылану керектігі ескертілді, содан соң бекітуге ұсыну керек. Модерация пән бойынша ТЖБ жұмысына жасалады. Міндетті түрде жоғары, орта және төмен балл алған оқушылардың жұмыстары сараланып, дескриптор арқылы тексеріліп, шешім шығарылады. Шешім негізінде балл қосылады, алынады немесе өзгеріссіз қалдырылады.

Сөз сөйлегендер:

Канафина Г.Ж. – БЖБ және ТЖБ жұмыстарын рәсімдеуде оқушылардың деңгейі ескеріледі. Тапсырмалар өткен тапсырмаларға ұқсас, және оқушының өз ойын жеткізе білуге бағытталған болады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. БЖБ, ТЖБ нұсқаулыққа сәйкес өткізу.
2. Қажет болған жағдайда модерация өткізу керек.

Тындалды.

3-Мәселе. Мухитова Н.Б.: 3. Қазақ\орыс\ағылшын тілдері пәні бойынша білім сапасы төмен оқушылардың бақылау нәтижелеріне мониторинг жасап, талдау өткізді. Білім сапасы төмен оқушылармен үздіксіз жоспарлы түрде жұмыстар жүргізу керектігін айтты. Көрсеткіштің қандай тақырыптар бойынша төмен екендігін анықтап, олқылықтар бойынша жұмыс жасау.

Сөз сөйлегендер:

Джаббарбергенова С.Д.: Оқушы сабаққа келмесе, ол сол күнгі өтілген тақырыпты оқушыға жеке түсіндіріліп әр түрлі оқу платформалары немесе сайттар арқылы тапсырмалар беру керек.

Хужин А.Н.: орыс тілінде оқушылар күнделікте өмірде практика жасап, сөйлесуі керек. Сөйлеу дағдысы төмен болғандықтан, жиі айтылым сабақтарын ұйымдастырамын.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

Қазақ\орыс\ағылшын тілдері пәні бойынша білім сапасы төмен оқушылардың бақылау нәтижелерін 2-3% көтеру

Тындалды.

4-Мәселе. Мухитова Н.Б.: 9,10 сыныптың сабақтарында үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу барысына тоқталды.

Сөз сөйлегендер:


Джаббарбергенова С.Д. : Үлгермеу себептері анықталғаннан кейін баланың жеке пәндер бойынша білімі мен дағдыларын есепке ала отырып, ондағы негізгі олқылықтар анықталып , жоспар бойынша барлық шаралар орындалуда.

Шамшитова Ш.А.: Оқушылардың үйдегі оқу жұмысы, олардың сабағындағы жұмысымен тығыз байланысты. Мұның табысты болуы сабақтың қалай өткенін мұғалімнің үйге тапсырманы қалай бергеніне байланысты. Сондықтан сабақтың сапасы жоғары болса оқушылардың үй жұмысы соғұрлым табысты болады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу үздіксіз жүргізілсін. 2 жартыжылдықта 1-2% көтеруге жұмыс жасалсын.

ӘК төрайымы:  Мухитова Н.Б.
Хатшы:  Табиғатқызы Толқын

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

**Орта білім беру ұйымдарына арналған
ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы**

№5 20 24 жылғы " 30 " сәуір

Төрайым: Мухитова Наркыз Басаровна

Хатшы: Табиғатқызы Толқын

Қатысқандар: 9 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. «Дәстүрден тыс әдістер арқылы балалардың қиялы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту».баяндама, Хауай Рысгул
2. БЖБ, ТЖТ тапсырмаларының құрылымы және бақылау нәтижесі
3. ТЖБ модерациясын жүргізу,бақылау
4. Гуманитарлық пәндер бойынша 5-11 сыныптар оқушыларының білім сапасын бақылау

5. Оқушылардың білім олқылықтарын толықтыру жоспарын бойынша есеп

Тыңдалды: 1-мәселе. Хауай Рысгул тарих пәнінің мұғалімі «Дәстүрден тыс әдістер арқылы балалардың қиялы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту» атта баяндамасымен таныстырды. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын «шығармашылық теориясын» жасауға деген көптеген ізденістердің болғандығынан байқауға болады. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жеткен депайтуға болмайды. Сондықтан шығармашылық педагогикасының негізгі мақсаты — бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сапа қалыптастыру және дамытуда тың жолдар мен шешімдерін іздестіру болып табылады.Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды қажет етеді. Философияда «қабілеттерді» тұлғаның белгілі бір әрекетті орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері дей келе және олар қоғамдық —тарихи іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып,әрі қарай дамып отыратындығын атап көрсеткен.

Сөз сөйлегендер:

Кабдышева А.К. : Шығармашылық - бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы,дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

Оқушылардың шығамашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндіктер жасау және қолдау, сайыстарға қатыстыру.

Тыңдалды:

2-3 Мәселелер бойынша Мухитова Н.Б. БЖБ, ТЖТ тапсырмаларының құрылымы және бақылау нәтижесі және ТЖБ модерациясын жүргізу туралы баяндады.

БЖБ, ТЖБ тапсырмаларының құрылымы және уақыт регламентін сақтау талдау\талқылау»сұрақ бойынша Мухитова Н.Б. Пәндер бойынша модерация жүргізу нұсқаулығын талдау бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18.03 №125 бұйрығына енгізілген толықтырулар туралы 2020 жылғы 17.04 №149 бұйрығы таныстырылды. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары алдымен бірлестік отырысында талқылану керектігі ескертілді, содан соң бекітуге ұсыну керек. Модерация пән бойынша ТЖБ жұмысына жасалады. Міндетті түрде жоғары, орта және төмен балл алған оқушылардың жұмыстары сараланып, дескриптор арқылы тексеріліп, шешім шығарылады. Шешім негізінде балл қосылады, алынады немесе өзгеріссіз қалдырылады.

Сөз сөйлегендер:

Шамшитова Ш.А: БЖБ және ТЖБ жұмыстарын рәсімдеуде оқушылардың деңгейі ескеріледі. Тапсырмалар өткен тапсырмаларға ұқсас, және оқушының өз ойын жеткізе білуге бағытталған болады.

Күнкенов С.С.: БЖБ, ТЖТ тапсырмаларының құрылымы және уақыт регламентін қатаң сақтаймыз.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

- 1.БЖБ, ТЖБ тапсырмаларының құрылымы және уақыт регламентін сақталсын;
- 2.Модерация қажет болған жағдайда талапқа сай өткізілсін;

Тыңдалды.

4 Мәселе. Мухитова Н.Б. Оқушылардың әр пән мұғалімдерінен білім олқылықтарын толықтыру жоспарын бойынша есеп берін сұрады.

Пән мұғалімдері Күнкенов С.С.,ШамшитоваШ.А., Канафина Г.Ж.,Хауай Р.,Хужин А.Н. білім олқылықтарын толықтыру жоспарына сәйкес іс-шаралар,бақылаулар мен мониторинг жүргізетіндерін айтты.


Сөз сөйлегендер:


Канафина Г.Ж. тарих және құқық пәндерінен білім олқылықтарын толықтыру жоспарына сәйкес қосымша сабақтар өткізілді.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

Білімдегі олқылықтарын толықтыру жоспарын үздіксіз жүргізілсін.

ӨК төрайымы:  Мухитова Н.Б.

Хатшы:  Табиғатқызы Толқын